

БІЛІМ

ҰЛТТЫҚ КАПИТАЛҒА
САЛЫНҒАН
ИНВЕСТИЦИЯ

7

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №36 (6598) 22 сәуір, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

ТҮРКІСТАН САПАРЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға келген Түрікменстан Халқ Маслахатының Төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедовті Түркістан әуежайынан қарсы алды.

Бет қатталып жатқанда мәлім болғандай, сапар аясында мәртебелі меймандар Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етті. Түркі тілдес елдерге ортақ ең көрнекті рухани және тарихи-мәдени ескерткіштердің бірі, ЮНЕСКО Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барып, әйгілі ойшылдың рухына тағзым етті, Құран бағыштады. Кесенеді жүргізіліп жатқан реставрациялық және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен, Шығыс базарындағы дәнді дақылдар сұрыптарымен танысты. «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының аумағында орналасқан «Этноауыл» ұлттық-мәдени кешенді аралады, тазы мен қыран құстарды тамашалады. Мәртебелі меймандарға ұлттық тағам түрлері, ағаштан түйін түй, кілем тоқу, киіз басу, қыш және зергерлік бұйымдар жасау сияқты халық қолөнері шеберлерінің туындылары көрсетілді, салт-дәстүрімізді паш ететін театрландырылған қойылым ұсынылды. Бұдан кейін мәртебелі меймандар Turkistan визит орталығына барып, көне «Құлтөбе» қалашығының тарихи келбетін сақтау және абаттандыру жобасымен, тарихи ескерткішті музейге айналдыру барысымен, таяуда ашылатын «Қолөнершілер қалашығының» тұжырымдамасымен, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі бірегей тарихи жәдігерлермен танысты.

Ақорданың баспасөз қызметі осы сапар аясында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Гурбангулы Бердімұхамедов бейресми кездесу өткізетінін хабарлады. Бұл жөнінде толық ақпаратты газетіміздің интернет ресурсынан және алдағы санынан оқи аласыздар.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖОБА

BRT ЖЕЛІСІ

Тасымалдау сапасы да, қала келбеті де жаңарады

23 сәуірден бастап Алматыдағы Райымбек батыр даңғылында қаладағы ең ірі көлік жобасының бірі BRT желісін іске асыру жұмыстары басталады. Бұл жоба Алматыда алғаш рет көше кеңістігін толық қамтып, ғимараттан ғимаратқа дейінгі аралықты – жол, тротуар, жасыл аймақ пен ғимараттардың қасбетін толығымен қайта жаңғыртуды көздейді. Соның нәтижесінде тұрғындар үшін ыңғайлы әрі заманауи қалалық орта қалыптасады.

Құрылыс екі кезеңге бөлінген. Біріншісі, 21 сәуірден маусым айына дейін құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізіледі. Бұл кезеңде жол бойында жұмыс басталады. Бір шеткі оң жақ жолақ уақытша жабылады, ал әр бағытта үш жолақпен қозғалыс сақталады. Екіншісі, Маусым айынан бастап жаңа асфальт төселіп, жол таңбалары сызылып, бағдаршамдар жаңартылады. Сонымен қатар, тротуарлар, жасыл аймақтар, велосипед жолдары, балалар және спорт алаңдарын көріктендіру басталады.

Жол төсемі барлық ен бойынша жаңартылып, қозғалыс ішінара 36 сағатқа дейін жабылуы мүмкін (кварталдық кесте бойынша). Осы кезде реверсивті қозғалыс ұйымдастырылады. Мұндай уақытша қозғалыс

схемасы әл-Фараби мен Абай даңғылындағы орташа жөндеу кезінде тиімділігін көрсетті.

Құрылыс жұмыстары кезінде тұрғындар мен қала қонақтарының қолайсыздықты барынша аз сезінуі және қауіпсіз жүріп-тұруы үшін барлық жағдай жасалады.

Негізгі жұмыстарды 2025 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Жүргізілетін жұмыстар, қозғалысты уақытша жабу және схемалардағы өзгерістер туралы ақпарат Almaty_Joly Telegram арнасында, әкімдіктің әлеуметтік желілері мен 2GIS және Яндекс карталарында үнемі жаңартылып отырады. Бұл даңғыл қала мен облыс арасындағы маңызды көлік күре тамыры болғандықтан, ақпарат қала маңы тұрғындарына да жеткізіліп отырады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

22.04.2025

Түнде: +6+8 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +18+20 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр.

23.04.2025

Түнде: +8+10 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +20+22 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

24.04.2025

Түнде: +8+10 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +20+22 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

www.aqshamnews.kz

9 772223 237006



ПАРЛАМЕНТ

Қазақстанның инвестициялық тартымдылығы:

АЛМАТЫДАҒЫ АҚШ КОНСУЛДЫҒЫ

Орталық Азиядағы ең ірі виза хабына айналады

Сенаторлар АҚШ-тың Алматыдағы консулдығы қандай шартпен ашылатынын талқылады. Халықаралық қатынастар, Қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің депутаттары кеңейтілген отырысында «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Алматы қаласында Америка Құрама Штаттарының консулдық мекемесінің үй-жайларын салу үшін Америка Құрама Штаттарының Үкіметіне жер учаскесін жалға беру туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарады.

Құжат АҚШ консулдығының құрылысына жер учаскесін жалға алу тәртібі мен шарттарын реттеуге бағытталған. Келісімге 2024 жылдың 27 қыркүйегінде Нью-Йоркте қол қойылған болатын. Оған сәйкес, ауданы 70 593 шаршы метр жер учаскесі АҚШ-қа 49 жыл мерзімге жалға беріледі. Жалдау ақысы 25,3 миллион АҚШ долларын құрайды және Келісім күшіне енген сәттен бастап 30 күн ішінде бір мәрте төленеді.

Келісім шартына сәйкес, АҚШ нысанды салу, күтіп ұстау және пайдалану бойынша барлық шығынды дербес жабады, сондай-ақ салықтан, кедендік алымнан және рұқсат беру рәсімдерінен босатылады. Болашақ Бас консулдықтың аумағында АҚШ Сауда департаментінің, Есірткіге қарсы күрес

агенттігінің, Ауруларды бақылау орталығының, Коммерциялық қызметтің, сондай-ақ PEPFAR бағдарламасының және басқа құрылымдардың өкілдігін орналастыру жоспарлануда.

Сенаторлардың айтуынша, консулдық Орталық Азиядағы ең ірі виза хабына айналады, бұл Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттырады. Жаңа жұмыс орындары ашылады, сондай-ақ бизнес пен қызмет көрсету саласын дамытуға ықпал етеді. Келісімді ратификациялау Қазақстан мен АҚШ арасындағы стратегиялық әріптестікті нығайтады, сондай-ақ халықаралық инвесторлардың сенімін күшейтеді.

Комитет мүшелері отырыс қорытындысы бойынша заңды Палатаның қарауына жіберу туралы шешім қабылдады.



(Cypet: pricom.kz).

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы:

ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ АССАМБЛЕЯ

Достастық елдері пленарлық отырыс өткізді



Санкт-Петербургте ТМД Парламентаралық Ассамблеясының 58-ші пленарлық отырысы өтті. Оған Достастық елдер Парламенттері Палаталарының басшылары мен депутаттары қатысты. Қазақстандық делегацияны Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастап барды. Сапар аясында ол Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған ТМД ПАА-ның салтанатты отырысында сөз сөйледі және маңызды екіжақты кездесулер өткізді.

Мәулен Әшімбаев салтанатты кездесуге қатысушыларға ілтипат білдіріп, қазақстандықтар үшін Жеңіс күні ерекше мәнге ие екенін атап өтті. Қазақстан Жеңіске айтарлықтай үлес қосқан негізгі индустриялық және гуманитарлық орталықтардың бірі болды. Майданға аттанған миллион екі жүз мың қазақстандықтың жартысынан көбі елге оралған

жоқ. Сондай-ақ, 500-ден астам отандасымыздың Кеңес Одағының Батыры атанғаны айтылды. Спикер ардагерлерге құрмет көрсету, халықаралық форумдар мен ғылыми конференциялар және Жеңістің 80 жылдығы аясында түрлі мемлекеттерде өтіп жатқан патриоттық акциялар ортақ тарихты дәріптеуге қосылған үлес және ұрпақтар сабақтастығының негізі екеніне маңыз берді. Қазақ халқының Жеңіске қосқан үлесіне назар аударды.

Сонымен қатар, Мәулен Әшімбаев ТМД ПАА Кеңесінің жұмысына және Ассамблеяның пленарлық отырысына қатысты. Одан бөлек, Парламент депутаттары негізгі салаларға қатысты және өзара мүддені білдіретін модельді заңдар топтамасын қарады. Бұл нормалар алдағы уақытта заң шығару қызметінде пайдалануға ұсынылады. Отырыс алаңында Сенат Төрағасы парламенттік делегациялардың басшыларымен маңызды екіжақты кездесулер өткізді. Сондай-ақ, ТМД ПАА парламенттік делегацияларының басшылары мен мүшелері соғысқа қатысқан жауынгерлерді еске алуға арналған мемориалға гүл шоқтарын қойды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Сенат Төрағасы:АЛМАТЫДА ҚҰРЫЛҒАН ДИВИЗИЯ
жауынгерлік даңқ шежіресінде айрықша
орын алады

Мемлекет басшысының бастамасымен былтыр «Айбын» орденінің дәрежелеріне аты аңызға айналған батырлар Сағадат Нұрмағамбетов, Бауыржан Момышұлы және Рахымжан Қошқарбаевтың есімдері берілді. Биыл 7 мамырда Астанада Жеңістің 80 жылдығы мен Отан қорғаушылар күніне арналған әскери шеру өтеді. Бүкіл Қазақстан бойынша Ұлы Жеңіс күнін атап өтуге қатысты белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр. Олардың қатарында конференциялар мен көрмелер, концерттер мен әскери-патриоттық акциялар, спорттық жарыстар мен ғылыми-ағартушылық жобалар бар. Елдімекендерге, көшелерге, мектептерге ардагерлердің есімдері берілуде.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Біз ұлтымыздың қаһарман ұл-қыздарының арқасында алаңсыз еңбек етіп, ұрпақ өсіріп, жарқын болашаққа қадам басып келеміз. Сол үшін оларға мәңгі қарыздармыз. Ешкім де ешқашан ұмытылмайды!», – деп нақты атап өтті.

Жеңістің 80 жылдығына орай қолдау шараларына қосымша әрбір ардагерге 5 млн теңгеден біржолғы төлем беріледі. Бұл – ТМД елдері арасындағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі. Мұның бәрі тарихты дәріптеуге және Қазақстандағы ұрпақтар сабақтастығын сақтауға деген ұмтылысымыздың жарқын көрінісі. Сағадат Нұрмағамбетов, Талғат Бигелдинов, Қасым Қайсенов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Хиуаз Доспанова және қазақ халқының мыңдаған ұл-қыздарының есімдері біздің ортақ тарихымызға мәңгілікке жазылды. Алматыда құрылған, аты аңызға айналған 316-шы дивизия жауынгерлік даңқ шежіресінде айрықша орын алады. Генерал Иван Панфиловтың басшылығымен дивизия жауынгерлері Мәскеу үшін шайқаста ерліктің озық үлгісін көрсетті. Панфиловшы батырлар табандылық пен қайсарлықтың символына айналды. Дивизия қатарында белгілі әскери тактик, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы да шайқасты. Лейтенант Рахымжан Қошқарбаев Рейхстагқа алғашқылардың бірі болып жеңіс туын тікті.

(Депеккөз: senate.parlam.kz).



● ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ

санасы сергек, ойы ұшқыр жастардың қолында

Мемлекет басшысы тазалық халқымыздың болмысына сіңген қасиет болуы қажет екенін үнемі айтып келеді. Кеше «Таза Қазақстан» экологиялық фестиваліне қатысқан Президент іс-шараның маңызына тоқталып, «Тазалық» фестивалі өте тағылымды екеніне маңыз берді. Тазалықтың мәні мен мағынасы жайындағы пікірімен бөлісіп, ойдың да, бойдың да, қоршаған ортаның да тазалығын сақтау әр адамның ішкі мәдениетінің көрсеткіші деп баға берді.

Табиғатты қорғау идеясы

— Осыдан бір жыл бұрын бәріміз бір ел болып «Таза Қазақстан» жобасын бастадық. Бұл — үлгі боларлық іс. Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені, «Таза Қазақстан», бұл — бір күндік науқан емес. Бұл — біздің өмір салтымыз. «Жас келсе — іске» деп халқымыз бекер айтпаған. Баршаңызды табиғатты қорғау идеясы біріктіріп отыр. Сіздер бәріңіз бірге істеп жатқан жұмыстың арқасында бұл игі бастама осындай үлкен қозғалысқа айналды. Ортақ іске күш жұмылдыру дегеніміз — осы, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Тазалық пен тәртіп — дұрыс өмір салтын ұстанудың көрінісі

Қасым-Жомарт Тоқаев еріктілердің еңбегін ерекше атап өтті. Волонтер болу, ең алдымен, нағыз отаншыл азамат болу, яғни патриот болу деген сөз. Сондай-ақ, экологияны жақсартуға кәсіпорындар мен кәсіпкерлер зор үлес қосып жатқанына тоқталды. «Таза Қазақстан» аясында өте ауқымды жұмыс атқарылғанын, миллиондаған тонна қоқыс жиналып, көшет егілгенін тілге тиек етті. Бұл ретте «Бүкіл қазақстандық ағаш егу күні» акциясының жақсы дәстүрге айналғанын жеткізді. Мемлекет басшысы табиғатты аялау, тазалық мәдениетін әрбір азаматтың, әсіресе, жас ұрпақтың санасына сіңіру өзекті деп санайды.

— Осы іс-шара шеңберінде бүкіл еліміз бойынша соңғы үш күнде 4,5 миллионға жуық көшет егіліп, орман алқабымызды толтырды. Айналамызды жинау, ағаш отырғызу арқылы біз жайлы да таза қоршаған орта қалыптастырамыз. Барлық аула мен көшені, саябақ пен алаңқайды ұқыпты ұстау — өз қолымызда. Тазалық пен тәртіп — дұрыс өмір салтын ұстанудың басты көрінісі. Мысалы, қоқысты сұрыптау, су мен жарықты үнемдеу, қоғамдық орынды бүлдірмеу — аса маңызды. Бұл біздің қоғамның қалыпты қағидатына айналуы қажет. Экологиялық ағарту ісіне айрықша мән берген жөн. Мұны «Таза Қазақстан» кампаниясының негізгі бағыттарының бірі деуге болады. Уақыт өткен сайын көптеген адамдардың қоршаған ортаны аялауға, қор-



Мемлекет басшысы Фестиваль аясында Астана қаласындағы «Жастар» саябағында экobelceнділермен бірге ағаш екті.

ғауға ұмтылып жатқанын көріп отырмыз. Азаматтарымыз экологиялық талаптарды сақтап, оны саналы түрде өмір салтына айналдырып келеді, — деді Президент.

Отанымызды таза ұстау — әр азаматтың қастерлі парызы

Мұнан соң Мемлекет басшысы жастар ұсынған жобалармен танысқанын жеткізіп, әр бастамадан туған елге, табиғатқа деген қамқорлық байқалатынына назар аударды. Мысалы, Дана Есенғали мен Камила Қышқашбаеваның жобаларына тоқталып, бұдан қазақ жастарының жасампаз болмысы көрінетінін, ел мен жерге шынайы жанашырлығы білінетінін мәлім етті. Сонымен қатар, Қазақстанның болашағы осындай санасы сергек, ойы ұшқыр жастардың қолында екенін баса айтты.

— Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Туған жерімізді ешкім сырттан келіп тазалап, көркейтіп бермейді. Отанымызды таза ұстау — әр азаматтың қастерлі парызы. Соңғы жылдары елімізде көптеген маңызды

өзгеріс болды. Әділетті мемлекет болу үшін біз заң мен тәртіпке бағынатын қоғам құрып жатырмыз. Сондай-ақ, ауқымды реформалар жүргізіліп жатыр. Мұның бәрі, ең алдымен, өскелең ұрпақ үшін, яғни сіздер үшін жасалуда. Қазақ жастарының болашағы — жарқын, жолы — ашық. Мен сіздерге сенемін, зор үміт артамын! Отаншыл, білімпаз, еңбекқор болыңыздар деп тілеймін. Сонда Қазақстанымыз да Әділетті, Таза, Қауіпсіз және Өркендеген озық ел болмақ. Бәріңізге сәттілік тілеймін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен бірге, Президент «Таза Қазақстан» экофестиваліне арналған көрме экспозицияларын аралап көрді. Көрмеге қоқыс өңдеу, өндірістік кәсіпорындар жобалары, табиғат тазалығы бойынша стартаптар, мектеп оқушыларының экологиялық бастамалары, сонымен қатар балалардың қоршаған орта тақырыбына арналған шығармашылық жұмыстары қойылған. Фестиваль соңында «Таза Қазақстан» акциясына белсенді қатысқан, қоғамда тазалық мәдениетін дәріптеуге ерекше атсалысқан бір топ жас марапатталды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).

● ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

Әлемдік стандарт:

АЛМАТЫ ТАУ КЛАСТЕРІ

2029 жылға қарай жылына 7,5 млн-ға дейін турист қабылдайтын болады

Қазақстан индустрия көшбасшысымен бірлесіп, тау шаңғысы туризмін әлемдік стандарттарға сай дамытуға ниетті. Премьер-министр Олжас Бектенов PGI Management компаниясының президенті Джоан Виладоматпен тау шаңғысы туризмін дамытудағы ынтымақтастық мәселелері бойынша кездесу өткізді. Жиында Алматы тау кластеріне көңіл бөлінді.

Жиында туризм саласының жаһандық үрдістері және оның елдер экономикасының өсуіне қосқан үлесі талқыланды. Тау шаңғысы бағыты таулы

аудандар мен жалпы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды құралы екені айтылды. Үкімет басшысы атап өткендей, туризм саласы өңдеу өнеркәсібі, цифрландыру, көлік және логистика сияқты салалармен қатар экономикалық өсудің жаңа бағытына айналуы тиіс.

Джоан Виладомат туризмге назар аударуды ескере отырып, бірқатар елдің экономика құрылымдарын трансформациялау бойынша жобаларды іске асыру нәтижелерімен бөлісті. Бүгінгі таңда компанияда 120-дан астам жоба бар, оған Давос және Сент-Мориц (Швейцария), Куршевель (Франция), Ишгл және Тироль (Аустрия), Вейл және Аспен (АҚШ), Уистлер-Блэккомб

(Канада) сияқты қысқы туристік брендтер, сондай-ақ өткен жылы келушілер саны 9,6 млн адамды құраған, 80 мың халқы бар Андорра курорттары кіреді. 60 жылдан астам уақыт бойы компания тау шаңғысы кешендерін дамытуда әлемдік көшбасшыға айналды.

Тараптар Алматы тау кластерін бірлесіп дамыту келешегін қарастырды. Бүгінгі таңда туристік ағын жылына 2 млн адамды құрайды, жалпы маусымдық 2 мың жұмыс орны ашылды. Жалпы ұзындығы 41 шақырым трассадан және 16 көтергіштен тұратын қолданыстағы инфрақұрылым күніне 6 мың адамды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл ретте отандық және шетелдік туристер тарапынан сұраныстың артуы маусым-

дық туристік дестинация ретінде тау шаңғысы туризмін дамытудың мемлекеттік стратегиясын одан әрі жетілдіруді талап етеді. Талдау нәтижесіне сәйкес, трассалар ұзындығын 227 шақырымға, көтергіштер санын 58-ге дейін арттыру арқылы кластер инфрақұрылымын дамыту ағымдағы өткізу қабілетін 5,6 есеге, күніне 34 мың адамға дейін жеткізуге, 10 мың тікелей жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Осылайша 2029 жылға қарай Алматы тау кластері жылына 7,5 млн-ға дейін турист қабылдай алады. Сонымен қатар, еншілес және сервистік экономиканың дамуына тұрақты әсер күтілуде.

Инклюзия да маңызды сала ретінде аталды. Инфрақұрылымды жаңғырту балалардың қысқы спорт түрлерін меңгеруі және отбасылық бос уақытын ұйымдастыру үшін білім беру бағдарламаларын кеңінен дамытуға мүмкіндік береді.

Кездесу соңында қатысушылар халықаралық стандарттарға бейімделген инфрақұрылымды жаңғырту бойынша бірлесіп жұмыс істеуге ниет білдірді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ

қоғамдық келісім мен жалпыхалықтық бірліктің ұлттық моделі

Халқымыз ежелден ұлтаралық татулық пен бірліктің маңызына ерекше мән берген. Бүгінде халықаралық саясат сахнасында орын алып жатқан кейбір оқиғаларға қарап, еліміздегі ең басты байлығымыз – ұлтымыздың бірлігі мен тұтастығы екенін айқын аңғарамыз.

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына отыз жыл толып отыр. Осы мерейлі дата аясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Ассамблеяның XXXIV сессиясы 23-24 сәуір күндері Астана қаласында өтеді. ҚХА құрамында 394 мүше, 1000-нан астам этномәдени бірлестік, оның ішінде 15 республикалық және 401 өңірлік және жергілікті бірлестік жұмыс істейді. Мақалада еліміздегі ұлтаралық татулық пен бірліктің символына айналған Қазақстан халқы Ассамблеясының маңызы мен ықпалына талдау жасап көрелік.

Дамудың бес кезеңі

Қазақстан халқы Ассамблеясының қалыптасуы мен дамуын бес негізгі кезеңге бөліп қарастыруымызға болады. Алғашқы кезең – 1989–1995 жылдары этномәдени бірлестіктер ретінде қалыптасты. Екінші кезең – 1995 жылғы Конституция мен Ассамблея арқылы заңнамалық негіз қаланды. 1995–2002 жылдары азаматтық пен дәстүрлі құндылықтардың үйлесімі негізінде ұлттық бірегейлік қалыптасты.

2002–2007 жылдары бірқатар стратегиялық құжаттар қабылданып, этносаралық қатынастар моделі жетілдірілді. 2007–2019 жылдары ұлттық бірлік тұжырымдамасы қабылданып, «біртұтас халық» ұғымына басымдық берілді. 2020 жылдан бастап Ассамблея жұмысы институционалды және сараптамалық тұрғыда нығайып, 2022–2026 жылдарға арналған жаңа даму тұжырымдамасы қабылданды.

Аталмыш кезеңдер еліміздегі тұрақтылық пен бірліктің іргетасын қалауға негіз болды. Келесі маңызды қадам – 2022 жылғы 5 маусымда өткен республикалық референдум нәтижесінде Конституцияға енгізілген өзгерістер. Соған сәйкес, ҚХА-ның Мәжілістегі квотасы алынып тасталып, орнына Сенатқа бес депутат ұсыну құқығы берілді. Бүгінде ҚХА еліміздегі этностық топтар мен ұлыстардың мәдениетін насихаттайтын, ұлттық бірлікті қамтамасыз ететін кеңесші орган ғана емес, сонымен қатар қоғамда елеулі рөл атқаратын, өкілдері сайлаудан тыс Парламенттің жоғары палатасына ұсынылатын бірегей институтқа айналды. Бұл дегеніміз, еліміздің Заң шығарушы билік тармағанда қабылданып жатқан әрбір заңнамада, ҚХА мүддесі, көзқарасы ескеріліп отырғанының айқын дәлелі.

Отыз жылдық мерейтойы қарсаңында Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғам алдындағы негізгі қызметін үш басты бағытқа бөліп қарастыруымызға болады. Біріншіден, Мемлекет басшысы Қасым-

Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» секілді бастамаларын кеңінен насихаттау арқылы ұлттық бірлік пен саяси тұтастықты нығайту бағытындағы іргелі бағдарларды жалғастыру. Екіншіден, отыз жылдық мерейтой қарсаңында ҚХА тек орталық деңгейінде ғана емес, сонымен қатар аймақтарда, өңірлерде мәдени және танымдық іс-шараларды ұйымдастыруда негізгі тетікке айналуы қажет. Себебі, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында атап көрсеткен азаматтық бірегейлік пен ұлттық таным құндылықтарын қалыптастыру – ҚХА-ның негізгі құзыретінің бірі.

Елімізде өмір сүріп жатқан жүздеген этностық топтардың қазақ тілін меңгеруі жолында, ұлттық жады мен тарихи сананы қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілуі тиіс. Үшіншіден, ҚХА тек мереке қарсаңында ұлттық киім киіп, көпшілік жиындарға қатысатын символикалық институт емес, күн сайын ұлттық біртұтастықты нығайту жолында жұмыс істейтін, нақты бағдарламаға ие орталыққа айналуы тиіс.

Азаматтық бірегейлік

Ассамблея – еліміздегі қоғамдық келісім мен жалпыхалықтық бірліктің ұлттық моделінің негізгі тірегі. Өзіне жүктелген миссияны абыроймен атқарып, этносаралық тұрақтылықтың басты факторларының бірі ретінде маңыздылы-

ғын нақты істерімен дәлелдеуде. Алғашында Ассамблея елдегі этностардың мүддесін білдіру үшін құрылған болса, бүгінде барлық Қазақстан халқын азаматтық, ортақ мақсат пен міндеттерге, сондай-ақ ортақ құндылықтар негізінде біртұтас халыққа біріктіру бағытында жұмысын жалғастырып келеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – елдегі қоғамдық келісім мен этносаралық татулықтың басты тетігі. Отыз жыл ішінде ол кеңесші органнан парламенттік өкілдігі бар конституциялық институтқа дейін өсті. Ассамблея этностар арасындағы өзара түсіністік пен сыйластықты қамтамасыз ете отырып, азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда, ұлттық бірлікті нығайтуда және мемлекет тұрақтылығын сақтауда маңызды рөл атқарады.

Жаңа кезеңде ҚХА тек мәдениет пен дәстүрді насихаттаушы ғана емес, заманауи технологиялар мен инновацияны қолдана отырып, қоғамдық сананы жаңғыртатын, қоғаммен тікелей жұмыс жүргізетін заманауи институт ретінде дамуға тиіс.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



СТАТИСТИКА

«БІРЛІГІМІЗ – ӘРАЛУАНДЫҚТА»

қағидаты этносаралық татулықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады

Этносаралық қарым-қатынас сезімтал мәселе. Әлемдік және қазақстандық тәжірибе сөзімізге дәлел. Осы орайда Қазақстан халқы Ассамблеясы жалпыұлттық бірлік пен қоғамдық келісімді қалыптастыруда өз тиімділігін дәлелдеген құрылым.

Ұлттық статистика бюросының ресми сайтына жүгінсек, 1991 жылдан бері 3 рет халық санағы өтіпті. Өзгеріс динамикасын анықтау үшін соңғы өткен 2021 жылғы санақтың нәтижесін қарадық. Онда 2009 жылғы көрсеткіштермен салыстырған мәлімет бар. Бұдан бөлек, биылғы соңғы ақпаратқа жүгіндік. Осылайша 2009, 2021 жылғы халық санағы мен 2025 жылдың басындағы демографиялық жағдайды салыстырдық.

2021 жылғы халық санағы бойынша қорытынды есепте саны жағынан ең көп 17 этнос көрсетілген. Олар қазақтар, орыстар, өзбектер, украиндар, ұйғырлар, немістер, татарлар, әзербайжандар, кәрістер, түріктер, дүнгендер, беларусьтар, тәжіктер, күрдтер, поляктар, қырғыздар, шешендер және өзге де этностар. Бұдан елімізде этнос әралуандылығы сақталғанын байқауға болады. Алайда, әр этноста демографиялық үдеріс түрліше дамуда.

Этностар	2009 жыл	2021 жыл	(%)
Қазақтар	10 096 763	13 497 891	133,7
Орыстар	3 793 764	2 981 946	78,6
Өзбектер	456 997	614 047	134,4
Украиндар	333 031	387 327	116,3
Ұйғырлар	224 713	290 337	129,2

Төмендегі кестені статистика бюросының мәліметіне сүйеніп дайындадық. Онда 2009 және 2021 жылғы ұлттық санақ нәтижелерін салыстырдық. Саны жағынан көп 5 этносқа қазақтар, орыстар, өзбектер, украиндар, ұй-



Дереккөз: stat.gov.kz

Этностар	2009 ж. (%)	2021 ж. (%)	2025 жылдың басы (%)
Қазақтар	63,1	70,4	71,3
Орыстар	23,7	15,5	14,6
Өзбектер	2,9	3,2	3,3
Украиндар	2,1	2	1,8
Ұйғырлар	1,4	1,5	1,5

ғырлар енген. 2021 жылы алдыңғы санақпен салыстырғанда оң өсім барлығында дерлік байқалған. Тек орыс этносында кері үдеріс байқалған.

2025 жылдың басында халқымыздың саны 20 млн-нан астам болды. Этникалық құрамы көрсетілген статистикада 20 283 399 деп көрсетілген. Қазақтардың саны 14,5 млн-ға жетіп 71,3% құрады.

Саны бойынша ең көп этностардың құрамы 2009, 2021 жылдан бері өзгермеген. Қазақтар, орыстар, өзбектер, украиндар, ұйғырлардың саны көп. Алайда, демографиялық өсім бәрінде байқалмайды.

Этностар	Астана (%)	Алматы (%)	Шымкент (%)
Қазақтар	82,3	64,2	71,5
Орыстар	8,6	18,8	6
Өзбектер	0,6	0,6	15,8
Украиндар	1,4	0,9	0,6
Ұйғырлар	0,2	5,3	0,2

Қазақ пен өзбек этностары тұрақты өсімді көрсетуде. 2021 жылы ұйғырлардың үлесі 2009 жылмен салыстырғанда өскенімен, 2025 жылдың басына қарай өзгермеген. Алайда, келесі ұлттық санақта өсуі мүмкін. Жалпы алғанда, түркі тілдес этностарда өсім тіркелсе, славян тілдестерде теріс динамика байқалуда.

Астана мен республикалық маңызы бар қалаларда да этникалық құрам әралуан. Бір қызығы, қазақтардың үлесі Шымкентте емес, Астанада көп. Ондағы халықтың 82,3% титулды этнос. Шымкентте 71,5%, ал Алматыда 64,2%.

Орыстардың үлесі Алматыда көп. Еліміздің ірі мегаполисінің 18,8%-ын орыс этносы құрайды. Шымкентте – 6%, Астанада – 8,6%. Өзбектер Шымкентте көп өмір сүрсе, Астана мен Алматыда саны бірдей.

Жалпы өңірлер бойынша қазақтардың үлесі ең көп Қызылорда (96,3%), Атырау (93%), Маңғыстау (91,5%) және Ақтөбе (85,7%) облыстарында. 50%-ға жетпеген өңірлерге Қостанай және СҚО кіреді. Қорыта келе, еліміздің этникалық құрамы әралуан екеніне көзіміз жетті. Титулды және түркі тілдес этностарда оң өсім тіркелуде.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



(Дереккөз: stat.gov.kz)

– Олардың өткізген митингтерінен қаражаттарының қаншалықты көп екенін байқауға болады. Өйткені, біріншіден, жақында үш мыңға жуық адамды көшеге шығарды. Кімге, қандай пайда әкеледі деген сауалға келсек, қазақстандық бір-жыныстылар ұйымындағылар жоғарыда отырғандардан ақша алғаннан кейін, оның сұрауы болады. Яғни алған грантты «ақтау» деген бар. Олар да есебін береді. «Мынадай аудитория жинадық, осындай митинг өткіздік, мынадай плакат ұстадық, осындай сөздер айттық» деп грант берушілерге осылай есеп береді. Олар жастарымыздың санасын улап жатыр. Оны ешкім байқамайды, байқаса да мән бермейді. Әйел құқығы деп басталған дүниенің соңы мүлде басқа жағдайға айналып кетті. Жеме-жемге келгенде, «Біз лесбияндар мен жезөкшелердің де құқығын қорғаймыз» деген сөзді «Феминита» ұйымының негізін қалаушылардың бірі Гүлзада Сержанның өз аузынан естідік.



БӘРЕКЕЛДІ!

Әлеуметтік платформа:

ЖАҢА АЛАҢ

«Alatau Aqparat» медиахолдингінің подкаст-студиясы ашылды

«Alatau Aqparat» медиахолдингі аптаны айрықша жаңалықпен бастады. Кеше, 21 сәуір күні ұжымда жаңа студияның ашылу салтанаты өтті. Іс-шараға белгілі медиаменеджерлер, телеарналар мен БАҚ басшылары, блогерлер, ютюберлер мен кәсіпкерлер, серіктес ұжым өкілдері қатысты.



Нұржамал
ӘЛІШ

Жобаның басты мақсаты – дәстүрлі және жаңа медианы ұштастыра отырып, кең аудиторияға әртүрлі форматта сапалы контент ұсынып, отандық медиасаланы дамытуға үлес қосу. Заманауи техникалармен жабдықталған бұл алаң – шығармашылық жобаларға серпін беріп, жас мамандарды даярлауға, ақпарат кеңістігінде жаңа идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ашылу салтанатында «Alatau Aqparat» медиахолдингінің Бас директоры Ержан Қалымбайұлы: «Студияны қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылайтын, сараптамалық пікірлер мен эксклюзивті сұхбаттар ұсынатын мазмұнды алаңға айналдыруды мақсат етіп отырмыз. Подкасттар аудиторияның ақпарат тұтыну дағдысына сай әзірленіп, ашық, еркін әрі тартымды форматта ұсынылады. Басты мақсат – ақпаратты сапалы, сенімді, нақты әрі қызықты ету», – деді.

Оның сөзінше, аталған студияны «Адырна» ақпараттық агенттігі бастаған бірнеше серіктестермен бірлесе жасақтаған.

Өз кезегінде белгілі медиа-менеджер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұржан Жалауқызы елдегі медиахолдингер арасында ең алғашқылардың бірі болып подкаст-студия ашып жатқан әріптестеріне сәттілік тіледі.

«Елді елең еткізер, көптің көңілінен шығатын, тұшымды ойлар айтатын, көрермені көп, таралымы кең жоба болсын», – деді ол.

«Хабар» агенттігі» АҚ Алматы филиалының директоры Серік Әбікенұлы баспасөздің тағдыры күрделілеу болып тұрған осынау шақта подкаст-студия ашу – өте қолдайтын дүние екендігін тілге тиек етті.

Ал танымал журналист-педагог, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Журналистика факультетінің деканы Қанат Әуесбай: «Қазір елімізде осы



медиахолдингер институты қарқынды дамып келеді. Сол көштің алдыңғы қатарында жүрген «Alatau Aqparat»-ты кейінгі бір-екі жылдың көлемінде жақсы жағынан естіп, көріп жүрміз. Газет енді тек оқытып қана қоймай, осы подкаст-студия арқылы көрсетеді, әрі тыңдатады. Яғни бүгінде көп айтылып жүрген кросс-медиаға «Alatau Aqparat» та ілесті. Демек, тыңдай алмайтындар оқиды, оқи алмайтындар көреді. Озық та заманауи трендтердің бәрін осы медиа-студиядан көрейік!», – деді.

Сонымен қатар, Арман Әубәкір, Ай-дос Жұқанұлы, Ербол Азанбек, Ербол

Сейілхан, Мейіржан Әуелханұлы, Айбар Олжаев пен Нұрлан Жұмахан сынды БАҚ саласының майталмандары да өз ойларын ортаға салды.

Студияның ашылу рәсімінен кейін қонақтар медиахолдинг музейін аралап, Қазақстан журналистикасы тарихынан сыр шертетін жәдігерлермен танысты.

Подкаст – студияда түсірілетін сараптамалық пікірлер мен эксклюзивті сұхбаттар медиахолдинг құрамына кіретін aqshamnews.kz, vecher.kz және alnews.kz ақпараттық ресурстарында, сонымен қатар, әлеуметтік желілерінде де жарияланып отырады.



Суретерді түсіргендер Қайрат ҚОНЫСБЕК, Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ӘРІПТЕСТЕР ЛЕБІЗІ

Срайыл СМАЙЫЛ,
«Jas Qazaq» газетінің Бас редакторы:

МЕДИАДАҒЫ ОРНЫ
АЙШЫҚТАЛА ТҮСТІ

«Almaty aqshamy» мен «Вечерний Алматы» газеттері аймақтық басылым болғанымен, медиадағы мәртебесі жағынан республикалық деңгейдегі үлкен ақпарат құралы екені даусыз. Мынау іргеміздегі қырғыз елінің мемлекеттік «Кабар» деген өте үлкен агенттігі бар. «Alatau Aqparat» сол іргелі агенттікпен ынтымақтастық меморандумына қол қойып, байланыс орнатып жатыр екен, жақында естіп, оқып, қатты қуандым. Демек, медиахолдингтің көкжиегі кеңейіп, халықаралық деңгейге шықты деген сөз бұл. Бүгін тұсауы кесіліп жатқан студия да әріптестеріміздің әлеуетін ашып, медиакеңістіктегі орнын айшықтай түсері анық.

Серік ӘБІКЕНҰЛЫ,
«Хабар» агенттігі» АҚ Алматы
филиалының директоры:

ШАҒЫН СТУДИЯДА ҮЛКЕН
ОЙЛАР АЙТЫЛСЫН

Қазіргі кезеңде ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарының бағы алай-бұлай болып тұрған кезең ғой. Сондықтан да, әсіресе, баспасөздің тағдыры қиын болып тұрған осындай шақта подкаст-студия ашу – өте қолдайтын дүние. Өйткені, бұқаралық ақпарат құралы заманның үрдісінен қалмауы керек. Сол заманмен бірге қатар қадам басамыз деп тәуекел етіп бір іс бастаған екенсіздер, сәттілік тілейміз. Осы шағын ғана студияда ұлттың сөзін айтатын, мемлекеттің жоғын жоқтайтын үлкен ойлар айтылсын. Қазақ қоғамына, мемлекетке қызмет ететін, біздің болмысымызға сай дүниелерді шығарып, елдің ықыласына бөлене беріңіздер.

Бауыржан КӘРІПОВ,
интернет-жобалар жетекшісі:

ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ

Шетелдік тәжірибені, жаңашылдыққа құмар сергек көзқарасты аймақтық газетке пайдалану өте құптарлық қадам. Мысалы, Түркияда саяси-сараптамалық бағдарламаларды газетте жарияланған мақалалар бойынша жасайды. Өкінішке орай, біздің елде, медиада әлеуметтік желіні, әсіресе, фейсбукті бірінші орынға қойып тастадық. Мысалы, кез келген дау-дамай тудырған немесе әлдебір маңызды оқиға ертесіне егжей-тегжейлі талданып, зерделеніп, газетте жариялануы керек. Нүктесін де сол мақала қоюы қажет. Міне, мерзімді басылымның көтерер жүгі осындай болғаны абзал. Сіздер де осындай биікке шығыңыздар, «Almaty aqshamy» газетінде енді қандай подкаст шығады екен деп күтіп жүретін болайық.



ДАРЫНДЫЛАР ӘЛЕМІ

Жарты ғасырдан астам тарихы бар Республикалық физика-математика мектебі – дарынды балаларға арналған ең танымал білім ордаларының бірі. Балаларды былай қойғанда, «балам РФММ-де оқыса» деген арман көпшілік ата-ана көкейіне де қонақтағалы қашан?! Әрі дәл осы арман жетегіндегі жандар қатары жыл санап артпаса, кемімегендігі анық. Біз осы мектептің бүгінгі мен болашағы, өңірлік тең мүмкіндік, мұғалім мәртебесі, шетелдік тәжірибе және ұлттық білім жүйесіндегі орны төңірегінде РФММ Басқарма төрағасы Руслан ҚАЛИЕВпен сұхбаттасқан едік.

ҰЛТТЫҚ КАПИТАЛҒА САЛЫНҒАН
ИНВЕСТИЦИЯ

– Жалпы, РФММ-нің білім беру моделі қаншалықты тиімді? Мысалы, Сингапур мен Финляндияның білім беру жүйелері әлем бойынша үздік саналады. РФММ осы елдердің тәжірибесінен қандай элементтерді енгізді? Мектеп моделі Қазақстанның орта білім жүйесіне қаншалықты ықпал етіп отыр?

– РФММ – Қазақстан бойынша физика және математика бағытына арнайы мамандандырылған әзірге жалғыз мектеп десек, жасырын емес. Оқушылар физика, математика, информатика пәндерін тереңдетілген бағдарлама бойынша оқиды. Бізде халықаралық олимпиадаларға дайындыққа ерекше ден қойылған. IMO, IPhO, IOI сынды беделді жарыстарда жоғары жетістіктерге жеткен оқушыларымыз Мемлекет басшысының атынан ақшалай сыйлықтарға ие болды.

Жеңімпаз оқушы – ең бірінші ұстаз еңбегінің көрсеткіші. Республикалық физика-математика мектебінде өз ісінің білгір мамандары, яғни мықты мұғалімдер сабақ береді. Мұғалімдеріміз «Болашақ» бағдарламасымен тағылымдамадан өтеді. Оқып, жетілу бар жерде көрсеткіш те, нәтиже де жақсы болатындығы анық. РФММ түлектерінің Назарбаев Университеті, MIT, Harvard, KAIST және сияқты үздік оқу орындарына түседі, бұл да осы сөзімізге айқын дәлел.

Жалпы, біздің отандық оқыту жүйесі ол Сингапур немесе ол Финляндия, Британия немесе тағы басқа елдің білім беру жүйесі болсын, олардан еш осал тұсы жоқ деп есептеймін. Әрине, кез келген елдің еншісінен өзімізге пайдалысын, ерекшесін алуымыз қажет. Бізде бұл орайда 2020 жылдан бастап Сингапур елінің математиканы меңгертудегі маңызды әдістерін өз тәжірибемізге енгіздік. Қазір «РФММ» КеАҚ Астана филиалында бастауыш сынып оқушылары аптасына бір рет Сингапур математикасы курсын өтеді. Бұл курсты бастамас бұрын біз мұғалімдерімізді Сингапур мектептеріне жіберіп, ондағы мектептердің сабақтарына қатысуына мүмкіндік жасадық.

Сондай-ақ, РФММ мектептерінде саналы оқу, логика, бастауыштан бастап олимпиадалық математика, робототехника және Speaking club жұмыс істейді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОЛИМПИАДА –
ЕЛДІҢ АБЫРОЙЫ

– РФММ – дарынды балаларға арналған мектеп. Олимпиадашыларды дайындауда қандай жетістіктеріңіз бар?

– Соңғы жылдары Қазақстан олимпиадалық дайындық жүйесінде елеулі прогресс жасап келеді. Мектеп оқушылары оқу-жаттығу жиындарына қатысып, шетелдік жарыстарға еркін бара алады. Халықаралық олимпиада жеңімпаздарына еліміздегі үздік университеттерде тегін оқуға грант беріледі. 2024 жылғы Халықаралық математика олимпиадасында Қазақстан 108 елдің ішінде 26-орын алып, әлемдік деңгейде тұрақты дайындығы бар мемлекет екендігін көрсетті. Ел еншісіне алтын мен күмістен алқа әкелген жеңімпаз ұл-қыздардың ішінде Республика-

Руслан ҚАЛИЕВ,
«Республикалық физика-математика мектебі»
КеАҚ Басқарма төрағасы:

БІЗ БІЛІМ БЕРІП ҚАНА ҚОЙМАЙ,
ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕЙМІЗ

лық физика-математика мектебінің оқушылары да бар.

Мәселен, Максим Цой – International Olympiad in Informatics, Амирлан Аманжолов – International Mathematical Olympiad, – Марғұлан Нұрсағатов – International Physics олимпиадаларында күміс жүлдегер атанса, Дінмұхамед – Ереубаев – International Mathematical Olympiad, мақтау грамотасына ие болды. 10-сынып оқушысы Әділ Жиенбаев – Республикалық олимпиада мен Халықаралық Жәутіков олимпиадасының күміс жүлдегері, Халықаралық жасөспірімдер арасындағы жаратылыстану олимпиадасы IJSO-ның да күміс жүлдегері, 2024 жылы өткен Еуропалық физика олимпиадасында (EuPhO) күміс медаль иегері. Әлтаир Ақанов болса, биыл мектеп мәртебесін XXI Халықаралық Жәутіков олимпиадасының алтын медалмен асқақтатты.

Илияс Қазымбек – 2024 жылы Халықаралық физика олимпиадасында (IPhO) қола медаль иегері атанған қазақстандық оқушы. Астанадағы Республикалық физика-математика мектебінің 9-сынып оқушысы Анастасия Пономарёва болса 2024 жылы Румы-

ТАЛАНТТЫ ТАНЫП,
БАҒЫТТАЙ АЛСАҚ – ҰЛТ ҰТАДЫ

– РФММ тек Алматы мен Астана мектептерінен келген балаларға арналмаған, бірақ статистикаға қарасақ, өңірлерден келген балалар аз. Бұл талапкерлердің дайындығы әлсіз болғандықтан ба, әлде іріктеу процесінде әділдік жетіспей ме?

– Дұрыс айтасыз, РФММ тек Астана мен Алматы қалаларының балалары ғана оқымайды. Біздің сайттың «Қабылдау комиссиясы» бөліміне кірсеңіз де біз баршаңызды «Fizmat жыл сайын Қазақстанның барлық өңірінен үздік оқушыларды қабылдайды» деген ұранды сөзбен қарсы алып тұрмыз. Қабылдау емтиханын да тек Астана мен Алматыда өткізіп қоймаймыз. Мәселен, биылғы жылы 7-сыныпқа арналған қабылдау емтиханы басты екі қаладан бөлек Атырау, Ақтау, Орал, Түркістан, Шымкент қалаларында өтеді. Өткен оқу жылында Алматы филиалына түскен оқушылардың 40 пайызы әр өңірден келген балалар. Сонымен бірге, «Ауыл олимпиадасының» республикалық кезеңінің 12 оқушысына келесі оқу жылында

ларында филиалдары бар және осы мектептерде жыл сайын «РФММ-нің «Үздік мұғалімі», «Үздік сынып жетекшісі», «Дана мен Дарын» байқаулары өткізіледі. Аталған байқаулардың жеңімпаздары ақшалай сыйлықтарға ие болады.

Бұдан бөлек, біз мұғалімдеріміздің біліктілігін арттыру мақсатында олардың республикалық, халықаралық деңгейлерде өтетін түрлі оқу-жаттығу семинарларына қатысуына жағдай жасаймыз.

ФИЗМАТ – ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН
БУЫННЫҢ БЕСІГІ

– Мектеп түлектерінің көбі MIT, Harvard, Stanford сияқты шетелдік университеттерге оқуға түседі. Бірақ олардың басым бөлігі Қазақстанға қайтып келмейді. Бұл мәселе бойынша сіздің ұстанымыңыз қандай?

– Біздің мектептердің түлектері танымал шетел оқу орындарына түсетіндігі рас. Бірақ соңғы уақытта олардың арасында елге оралып, қызмет етемін деп ниет білдіретіндері де баршылық. Нақтырақ айтсақ, егер біздің түлектердің 35 пайызы шетелге түседі десек, олардың 65 пайызы Қазақстанға қайтып оралады. Еліміздегі кез келген саланы алып қарасаңыз да, көш басында жүрген азаматтардың басым бөлігі РФММ түлектері.

Шетелде білім алып келген түлектерімізді қолдап, оларға жағдай жасау мақсатында біз «РФММ» КеАҚ Басқармасымен осы оқу жылында қабылданған даму Стратегиясының шеңберінде ірі кәсіпорындармен келісім шарт жасасып, оның аясында түлектеріміздің шетелде білім алып және олардың өз білімдерін ел игілігіне жарату мақсатына қол жеткізуді көздеп отырмыз.

– Көптеген әлемдік үздік мектептер (мысалы, АҚШ-тағы Stuyvesant High School) квота жүйесін қарастырып, әртүрлі әлеуметтік топтардың оқушыларын қабылдайды. РФММ-де мұндай өзгеріс енгізу жоспарланып жатыр ма?

– Әлеуметтік мәселе, әрине қай елде, қай қоғамда болмасын өзекті де өткір. РФММ-де ақылы бөлімде оқуға мүмкіндігі келе бермейтін отбасылардың таланттарын танып, оларды қолдау мақсатында жалпыға бірдей мүмкіндік беретін бірнеше жобаны жүзеге асырып келеміз. Соның бірі – қалалық Жәутіков олимпиадасының жеңімпазы мен бірнеше жыл қатарынан ұйымдастырылып келе жатқан «Fizmat Chess Open Astana 2025» шахмат турнирінің екі жеңімпазына РФММ тегін оқуға грант беріледі. Бұл жерде қалалық Жәутіков олимпиадасына қатысуға ниет білдірген оқушылардың барлығын қамту үшін аталған олимпиаданы онлайн өткізуге шешім қабылдадық. Шахмат турнирі де тек Астана қаласында емес, Алматы мен Оралда да өтеді. Бұдан бөлек, қабылдау емтиханы туралы ереженің шарттарына сәйкес және онда көрсетілген бірнеше республикалық олимпиаданың жеңімпаздары да грантта оқуға өтініш бере алады. Қарап отырсаңыз, біз еліміздегі дарынды оқушылардың барлығын қамтуды қалаймыз. Беріп, ұсынып отырған мүмкіндіктеріміз де мол.

Сұхбаттасқан Рая ЕСКЕНДІР.



нияның Бухарест қаласында өткен XXI Халықаралық жасөспірімдерге арналған жаратылыстану ғылымдары олимпиадасында (IJSO) қола медаль иеленді. Бұл олимпиадаға әлемнің 60 елінен 360-тан астам оқушы қатысқан болатын. Қазақстан құрамасы бұл жарыста 100% нәтиже көрсетіп, жалпы алты медаль жеңіп алса, оның тең жартысы РФММ оқушыларына тиесілі.

Сонымен қатар, Алматы РФММ командасы XXI Халықаралық Жәутіков олимпиадасының қорытындысы бойынша «Үздік олимпиадалық команда» аталымы бойынша жүлделі 3-орынды жеңіп алды. 15 елдің оқушысы қатысқан жарыста жеңіске жеткен командалар арасынан жалғыз Қазақстан командасы осы біздің РФММ мектебінің құрамасы.

Жақында ғана белгілі болғандай, «РФММ» командасы – жылдың «Ең үздік командасы» аталымы бойынша 1-орынға ие болды. Сонымен бірге, бірнеше жыл қатарынан «Үздік олимпиадалық мектеп» номинациясы да физмат мектебінің еншісінде келе жатқандығын атап өтуге болады.

біздің мектепте оқуға грант берілді. Ауыл балаларының ішінен дарындыларды анықтауға арналған «Мың бала» жобасы бойынша қазір 45 бала бізде оқып жатыр.

– РФММ-нің басты күші – мұғалімдер. Алайда, мектеп мұғалімдері университет оқытушыларынан төмен жалақы алады. Бұл кадрлық мәселе тудырмай ма?

– Кез келген білім беру орнындағы басты ресурс – бұл мұғалімдер. Ал біз сияқты мамандандырылған мектептерде жұмыс істеу ұстаздан меніңше екі есе жауапкершілікті талап етеді. Өйткені, олар дарынды, ерекше қабілетті оқушылармен жұмыс істейді, олардың ғылыми, академиялық дамуына тікелей ықпал етеді. Мұндай күрделі әрі жауапты еңбек ерекше бағалауды қажет етеді. Ең бірінші Оқу-ағарту министрлігі тарапынан бүгінде жыл сайын кезең-кезеңімен мұғалімдердің жалақысы көбейіп келеді. «РФММ» КеАҚ Басқармасы да мұғалімдердің лайықты жалақы және тиісті әлеуметтік көмекпен қамтамасыз етілуін басты назарда ұстайды. Қазақстан бойынша «РФММ»-нің Астана, Алматы және Орал қала-



МӘМС

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ ЖҮЙЕ

Биыл Алматының денсаулық сақтау саласына 344 млрд теңге жұмсалады

Биыл Алматының денсаулық сақтау саласы бюджеті 344,7 млрд теңгені құрап отыр. Оның 165,1 млрд теңгесі – МӘМС-ке, қалған 179,6 млрд теңгесі тегін медициналық көмек пакетіне тиесілі. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясында Медициналық сақтандыру қорының Алматы қалалық филиалы директоры Ілияс Мұхамеджан хабарлады.

Дені сау ұрпаққа – жоспарлы дайындық

► Спикердің айтуынша, МӘМС шеңберінде қаржыландыру деңгейі өткен жылмен салыстырғанда, 7%-ға өскен.

Биыл қаржының басым бөлігін, яғни 46 млрд теңгесін амбулатория деңгейінде көрсетілетін медициналық көмекке, соның ішінде емхана қызметіне, 36,9 млрд теңгесін консультативтік-диагностикалық қызметтерге жұмсау жоспарланған. Бұл бағытты қаржыландыру көлемі өткен жылмен салыстырғанда, 23%-ға артып отыр.

2025 жылы жүкті әйелдерді антенаталды бақылауға қоса, МӘМС шеңберінде бала сүюге дайындалып жүрген (прегравидарлық даярлық) ерлі-зайыптыларға консультативтік-диагностикалық көмек қарастырылған. Бұған қор 651 млн теңге бөлді. Бұл дені сау ұрпақ әкелуге жоспарлы дайындық деңгейін көтеруге көмектеседі.

Жүрек отасына – 18,6 млрд теңге

► Былтыр Алматы қаласында жоғары технологиялы медициналық көмек көрсетуге рекордтық деңгейде қаржы бөлінді.

«2024 жылы тек кардиохирургиялық оталарға 18,6 млрд теңге бағытталды. Барлығы 6805 ота жасалды, оның әрқайсысының орташа құны 2,7 млн теңге», – деді Ілияс Мұхамеджан.

Сонымен қатар, қалада 8 млрд теңгеге 4521 нейрохирургиялық ота, 7 млрд теңгеге жамбас және тізе буындарын ауыстыру бойынша 4593 ота жүргізілген. Сондай-ақ, нейроқан тамыр және қан-тамыр жүйесіне жасалған 5045 отаға қор 6,7 млрд теңге төледі. Сонымен қатар, жалпы құны 709,7 млн теңгелік 107 бауыр мен бүйрек алмастырылды.

«Егер қымбат ота түрлері туралы айтсақ, сақтандырылмаған азаматтарға мұндай медициналық көмек бірнеше миллион теңгеге түсуі мүмкін. Олардың құны адамның төлеген жарнасына байланысты емес. МӘМС жүйесінің әлеуметтік маңыздылығы осында», – деп атап өтті Ілияс Мұхамеджан.

Миллиондаған теңге үнемдеді

► Алматылықтар экстракорпоралды ұрықтандыру (ЭҚҰ) бағдарламасын белсенді түрде пайдаланып келеді.

Бұл процедура толықтай МӘМС жүйесі арқылы қаржыландырылады. 2024 жылы ғана «Аңсаған сәби»

бағдарламасы аясында жалпы құны 3,9 млрд теңгеге 3229 процедура жүргізілді.

Спикер әңгіме барысында ЭҚҰ процедурасын тиімді пайдаланған азаматша туралы мысал келтірді. 37 жастағы кәсіпкер әйел бір жыл ішінде 71 400 теңге көлемінде сақтандыру жарнасын төлеген. Ал оған жасалған ЭҚҰ процедурасының құны 1,2 млн теңге болған, бұл – оның төлеген жарнасынан 17 есе жоғары. Сонымен қатар, оған диагностикалық қызметтер де тегін көрсетілген.

Тегін дәрі-дәрмек

► Бұдан бөлек, қор басшысы алматылықтардың консультативтік-диагностикалық қызметтерді белсенді пайдаланып жүргенін атап өтті.

2024 жылы 102 мыңнан астам КТ және МРТ зерттеулері жүргізіліп, олардың жалпы құны 1,6 млрд теңгені құрады. Бұрын бұл қызмет түрлері тек әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға ғана қолжетімді болса, қазір барлық сақтандырылған азаматтар пайдалана алады.

Былтыр Алматыда 380 мыңға жуық тұрғын жалпы сомасы 46 миллиард теңгеге тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілді. Олардың қатарында қарапайым препараттармен қатар, бір қаптамасының құны 34 миллион теңгеге дейін жететін жоғары бағалы дәрілер де бар.

Алматылықтарға парацетамол сияқты қарапайым препараттармен қатар, жұлынның бұлшықет атрофиясы сияқты ауыр сырқаттарға арналған өмірлік маңызды дәрі-дәрмектер де берілді.

КОНГРЕСС

ЖАҢА БАҒДАРЛАР

Алматыда ревматологиялық ауруларды емдеудің жаңа тәсілдері талқыланды



Мегаполисте терапевт, пульмонолог, дерматолог, ревматолог, жалпы практика дәрігерлерінің қатысуымен VIII Халықаралық ревматологтар конгресі өтті.

Алқалы жиынды ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ, Республикалық ревматологиялық орталық және Қазақ ревматология алқасы ұйымдастырды. Бүгінде Қазақстанда да, әлемде де ревматологиялық аурулары бар науқастардың саны өсу үстінде.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ғалымжан ТОҒЫЗБАЕВ, ҚР ДСМ штаттан тыс бас ревматологы, Республикалық ревматология орталығының басшысы, Қазақ ревматология алқасының президенті:

Орталықтар құрудың маңызы зор

Ревматологиялық аурулар, өкінішке орай, жастар арасында да кең таралуда. Бұл аурулар адамды мүгедектікке, мезгілсіз өлім қаупіне әкелуі де мүмкін. Сондықтан ауыр зардабы тиетін кеселдерді ертерек анықтау, нәтижелі емдеу үшін жаңа инновациялар енгізілуде. Бүгінгі күні өңірлерде де ревматологиялық орталықтар құрудың маңызы зор.

Жамила ҚАЙБУЛЛАЕВА, Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ Басқарма төрағасының орынбасары:

Маңызды қадам

Біздің институт базасында үшінші деңгейдегі ревматология орталығының құрылуына байланысты бұл іс-шара аса маңызды болып отыр. Мұның өзі ревматологиялық аурулары бар пациенттерге мамандандырылған көмекті дамытудағы, сондай-ақ Қазақстанның ревматологиялық қызметінің ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық рөлін нығайтудағы маңызды қадам.

МАМАН МІНБЕРІ

НОМОФОБ

ұялы телефонмен бірге ұйықтап, бірге тұратын адам

Алматыда орналасқан ҚР Президентінің Іс басқармасы медицина орталығы ұлттық госпиталінің жалпы тәжірибелік дәрігері Іңкәр Мұқаш гаджетке тәуелділіктің зияны туралы айтады.



– Әрине, уақыт көшінен қалмаған жөн. Бүгінгі техникалық прогрестің адам өмірі үшін маңызы өте зор, бірақ ол адамды өзіне жіпсіз байлап қоймағаны дұрыс. Фаббинг – зиянды әдет. Әлеуметтік желіге және гаджеттерге тәуелділік адамның телефонды қолынан тастамағандығынан байқалады. Ол басқа адаммен қарым-қатынас кезінде де телефонға қарай береді, әңгімелесушіден, мұғалімнен, әріптестерінен алшақтайды, оларды елемейді. Номофобия – ұялы телефоннан ажырап немесе оның үйде қалғанына, жоғалғанына аса қатты қиналуы, мазасы қашуы. Номофобтар ұялы телефоннан аса қауіпті, тіпті күлкілі жерде де, көлік жүргізгенде, жуынатын бөлмеде, тамақ үстінде, дәретханада да ажырамайды.

Бүгінде психологтарды тағы бір тәуелділік алаңдатады, бұл – әлеуметтік желілерге тәуелділік. Кейбір

адамдар, әсіресе, балалар мен жасөспірімдер шынайы өмірге, қоршаған ортаға деген қызығушылығын жоғалтып, қарым-қатынасын шектейтін басқа әлемде өмір сүре бастайды. Тәуелділіктің физикалық салдары: көздің көруінің төмендеуі және экран алдында сағаттап отыру, жарық пен ұсақ әріптер – компьютерлік көру синдромы. Ол жанардың құрғауы, тітіркенуі және көрудің нашарлауы секілді белгілерден байқалады.

Гаджетті ұзақ уақыт пайдалану кезінде мойын, арқа, белде ауырсыну пайда болады. Бұдан остеохондроз, омыртқаның қисаюы, жергілікті қан айналымының бұзылуы пайда болады. Әдетте, гаджеттерге тәуелді адам оңашалықты жақсы көреді. Нәтижесінде жалғыздық пен күйзеліске тап болады. Ұйқысы бұзылады. Есте сақтау қабілеті төмендеп, басы ауырады. Үнемі сергек жүру үшін гаджеттерді шамадан тыс пайдаланбай, салауатты өмір салтын ұстанған жөн. Компьютер, ұялы телефондардан басқа сыртта өзгеше, табиғи өмір, адамдармен жанды қарым-қатынас барын ұмытпайық.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.



Машина жасау:

ФОРСАЙТ-СЕССИЯ

жаңа құзыреттіліктерге сай маман дайындауды көздейді

Машина жасау – технологиялық ілгерілеудің діңгегі. Бұл саладағы сұраныс тек бүгін ғана емес, болашақта да арта түспек. Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжінде «2025 жыл – Жұмысшы мамандықтары жылына» орай «Машина жасау» саласы бойынша форсайт-сессия өтті.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы мен Техникалық және кәсіптік білім беру бөлімі қолдау көрсеткен іс-шараға білім беру ұйымдары мен өндіріс өкілдері, әлеуметтік серіктестер мен БАҚ өкілдері қатысты. Олардың қатарында «Кулагер Метрострой» ЖШС өкілі Закиржан Шамуратов, «Мехэлектромонтаж» ЖШС-нің инженер-маманы Ермек Тұрсынұлы, колледж оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері болды.

Форсайт-сессияның басты мақсаты – машина жасау технологиясы, кең бейінді станокшы, токарьлық іс және металл өңдеу бағыттарындағы өзгерістерді талқылау, жаңа құзыреттіліктерге сай маман дайындау мәселелерін пысықтау.

Машина жасау – өндірістің негізі. Бұл саладағы мамандарды заман талабына сай даярлау – тек колледждердің емес, бүкіл қоғамның жауапкершілігі. Ал форсайт-сессия – осы бағыттағы нақты қадамдардың бірі. Демек, ендігі міндет – ұсыныстарды жүзеге асырып, жұмыс беруші мен білім беру ұйымының байланысын нығайту болмақ.

Іс-шара соңында қатысушылар кәсіби пікірлерін білдіріп, өз ұсыныстарымен бөлісті.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Ардақ КОДЖАХМЕТОВА,
Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжінің директоры:

Болашақ маманға тамаша мүмкіндік

Біз әрқашан әлеуметтік серіктестермен бірлесе жұмыс істейміз. Қазіргі таңда студенттердің 60%-ы дуалды оқыту жүйесі бойынша білім алады. Бұл – болашақ маманның тәжірибе жинақтап, табыс табуға мүмкіндік алуы деген сөз. Бірқатар түлектер ай сайын 300-мың теңгеге дейін жалақы алады.

Форсайт-сессияда «Жаңа мамандықтар мен құзыреттіліктер атласы» негізінде ұсынылған жаңа мамандықтар да назардан тыс қалмады.



Ақбота МӘКЕЕВА,
колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Бірлескен жұмыс жалғасады

Форсайт-сессияның басты мақсаты – қазіргі заманғы еңбек нарығына сай, болашақта сұранысқа ие болатын жаңа мамандықтарды анықтап, оларды енгізу жолдарын талқылау. Атап айт-

қанда, машина жасау саласына қатысты мамандықтарды атластағы құзыреттіліктер негізінде бейімдеу және дамыту. Жаңа мамандықты енгізу – күрделі әрі кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын процесс. Ол үшін алдымен Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышына толықтырулар енгізіліп, оқу бағдарламасын әзірлеу қажет. Алдағы уақытта бұл бағытта бірлескен жұмыс жалғасады.

Ермек ИМАНБЕКОВ,
«Мехэлектромонтаж» ЖШС инженері:



Қазіргі таңда токарь мамандығы аса өзекті. Жаңа технологиялар дамып жатқанымен, токарьлық станоктармен жұмыс істей алатын мамандар қажет. Техника 2-3 жылда бұзылуы мүмкін, сондықтан оны жөндейтін кадрларды алдын ала дайындауымыз керек.



Айтгүл АЛИБАЕВА,
Алматы автомеханикалық колледжі директорының оңай орынбасары:

Білім беру барысында біз AutoCAD, Fusion сияқты қосымшалармен оқытамыз. Алайда, өндірісте нақты қандай бағдарламалар қолданылатыны әртүрлі болуы мүмкін. Сол себепті, IT саласында жаңа бағдарламалар жасау және оларды машина жасау саласына бейімдеу қажет деп санаймыз.

КАДР ДАЯРЛАУ:

ЗАМАНАУИ ТӘСІЛ

Алматыдағы «Отырар» қонақ-үй кешенінде «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі халықаралық қатынастар көкжиегі» атты «дөңгелек үстел» өтті. Аталмыш жиында халықаралық байланыстарды нығайту, озық білім беру тәжірибелерімен алмасу және еңбек нарығында сұранысқа ие білікті кадрларды даярлаудың заманауи тәсілдері тілге тиек болды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Іс-шараны «Алматы технологиялық-қаржы және инновациялық-техникалық колледжі» ұйымдастырды. «Дөңгелек үстел» ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған Жұмысшы мамандықтар жылы аясында өткендіктен аталмыш саланың өзекті мәселелері мен ұтымды ұсыныстар әңгімеге арқау болып, негізгі мәселелер талқыланды.

«Дөңгелек үстелге» Алматы қаласы Білім басқармасы, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Алматыдағы



ТЖКББ басшылары, сондай-ақ Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия және Солтүстік Кавказдан келген әлеуметтік серіктестер мен халықаралық сарапшылар ұйымдарының өкілдері қатысты. Сонымен қатар, іс-шараға «CASPIAN CENTER» ЖШС директоры

(Түркия) Камран Назымоғлы, Ресей Федерациясының «Вкус Мира РУС» аспаздар қауымдастығының президенті Владимир Олейников, Мәскеу қаласы Мемлекеттік кәсіптік білім беру мекемесі «Қызмет көрсету саласы колледжі №10»-ның директоры Екатерина

Писарик, Өзбекстан аспаздар қауымдастығының төрағасы, Дүниежүзілік исламдық аспаздық қауымдастығының Халал комитетінің төрағасы Акбар Умаров, Өзбек ұлттық аспаздық өнері халықаралық орталығының директоры Наргиза Умарова, Солтүстік Кавказ қонақүйлер мен мейрамханалар қауымдастығының президенті Хадиджат Мовлатова, Қырғыз Республикасы аспаздар қауымдастығының төрағасы Шухрат Шарипов, «Bigchef» түрік асханасы мейрамханасының бас директоры (Түркия) Өздем Кемаль, «Кумтор» алтын өндіру компаниясының бас аспазы (Қырғыз Республикасы) Азамат Мусаев, Анталия қаласындағы Мехмет Зеки Балджы атындағы Туризм және қонақүй бизнесі кәсіби колледжі директорының орынбасары (Түркия) Рашида Сезер арнайы қатысты.

«Дөңгелек үстел» барысында аталмыш саланың бүгіні мен келешегі кеңінен сөз болды. Халықаралық тағылымдамадан өтіп, өзара тәжірибе алмасу жағы да өзекті тақырыптың бірі болды.

Жиын соңында «Алматы технологиялық-қаржы және инновациялық-техникалық колледжі» мен шетелдік серіктестер арасында ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылып, Сәтін салса, ендігі жерде қол қойылып, мөрі басылған келісімдер арқылы бірлескен жобаларды жүзеге асырып, тағылымдамалармен алмасу студенттер мен оқытушылардың кәсіби өсуінің берік негізін қалары сөзсіз.



Ерлік елге – мұра, ұрпаққа – ұран!

ЖЕҢІС ЖОЛЫНЫҢ
ШЕЖІРЕСІ

(деректер мен дәйектер)



(Басы өткен санда)

Ұлы Отан соғысы жылдарында КСРО құрамындағы одақтас республикалардың сан миллиондаған тұрғындары ортақ жауға қарсы күреске күш біріктіре көтерілді. Солардың арасында Қазақ елі де фашистік Германияға қарсы майданға бар мүмкіндіктерін – адам ресурстарын, өндірістік қуатын, табиғи және рухани байлығын жұмылдырды. Республика экономикасының бар сала-сы майдан қажетіне бағдарланды.

Қазақ елі –
тыл тірегі

Майдан шебіндегі өнеркәсіп орындары Қазақстанға екі кезеңмен көшірілді. Соғыс басталған уақыттан 1942 жылдың қазанына дейінгі аралықта елімізге барлығы 142 өнеркәсіп көшіріліп әкелінді. Эвакуацияланған зауыттар мен фабрикалар, негізінен, Қазақстанның бірнеше қалаларына орналастырылды. Елде жүздеген жаңа өндіріс орындары ашылып, жұмысшылар мен шаруалар майдан үшін еңбек етті. Қазақстан нағыз тыл тірегіне, КСРО-ның негізгі әскери-өнеркәсіптік базасына айналды.

- 1941 жылы Қазақстанға Луганск қаласындағы паровоз шығаратын зауыт көшірілді. Соның базасында Алматы ауыр машина жасау заводы ашылды (АЗТМ).
- 1942 жылдың наурыз айынан бас-



Панфилов атындағы 8-ші Гвардиялық атқыштар дивизиясы жауынгерлерінің майданға аттанған сәті. Алматы, 1941 жыл.

тап соғысқа қажетті торпеда, мина және снарядтар шығарыла бастады. Соғыста атылған әрбір үшінші оқ Қазақстанда жасалды.

- 1942 жылы 20 қаңтардан қалаға көшіріліп әкелінген зауыттың 164 жабдығы тиісті орындарға тиянақты орналастырылып, 1942 жылдың наурыз айынан бастап зауыт өз өнімдерін майданға бере бастады.
- Соғыс ұшақтары үшін агрегаттар шығаратын Москваның авиация жасау зауыты аса қысқа мерзімде қалпына келтірілді.

- Алматыға көшіріліп әкелінген зауыттардың бірі – Ворошиловоград қаласындағы паровоз жасайтын зауыт.
- 1943 жылдың қаңтарынан 110 зауыт пен фабрика қайтадан іске қосылды.
- Алматы қаласына 34 зауыт, фабрика және жеке цехтардың жабдықта-ры әкелінді.
- Бір деректерде елімізге 220-дан астам зауыт-фабрика Қазақстанға эвакуацияланып, жұмысын жалғастырды.
- 460 зауыт пен фабрика майдан сұранысына сай өнім шығара бастады.



Қазақ елі майданға миллиондаған тонна астық, ет, сүт, май, мақта майданға жөнелтті. Қару-жарақ, азық-түлік, әскери киім-кешек пен дәрі-дәрмек дайындауда қазақстандықтар аянбай еңбек етті. Әсіресе, ауыл шаруашылығы мен металлургия салалары Жеңіс үшін шешуші рөл атқарды.



Майдан үшін жылы киімдер жинау. Алматы, 1941 жыл.



1942 жылы «Қазақстан комсомолы» деген жазуы бар 45 танк Сталинград майданына жіберілді. Республика бойынша танк колонналары мен авиациялық эскадрильялар шығаруға 480 миллион рубль жиналды.

Қарағанды көмірі, Жезқазған мен Балқаштың мыс-мырыш кендері, Орал мен Теміртаудың болаты – бәрі де майдан үшін қажет қару жасауға жұмсалды. 1942 жылдың өзінде КСРО Германиямен салыстырғанда танкті 3,9 есе, ұшақты 2 есе, артиллериялық қару-жарақты 3 есе артық өндірді. Ал 1944 жылы кеңестік индустрия сөткесіне бір танк бригадасы мен полкін, 3 авиация полкін жабдықтауға жарайтын әскери техника шығарды. Оған Қазақстан экономикасы да өз үлесін қосып, соғыс өнімдерінің басым бөлігін өндіріп, уақытымен майданға жеткізіп тұрды. Қорғаныс өнеркәсібі үшін Қазақстан металлургтері үзіліссіз, күні-түні жұмыс істеді.

(Жалғасы бар).
(Суреттер: «Орталық мемлекеттік кино-фото құжаттар мен дыбыс жазбалары архиві»)

МАЙДАН ШЕБІНЕН ҚАЗАҚСТАНҒА КӨШІРІЛГЕН ӨНЕРКӘСІПТЕР Алматы қаласына орналастырылған кәсіпорындар тізімі					
Кәсіпорын атауы	Қай ведомстводан	Қай жерден және қашан келді	Орналасқан жері	Орналасқан уақыты	Ескертпе
Тігін-тоқыма фабрикасы	ҚазКСР ЖӨХК	Харьков1941 ж.	Алматы	15.12.1941 ж.	Барлығы
Дзержинский ат. Тігін-тоқыма фабрикасы	Қаз КСР ЖӨХК	Ивантеевка (Мәскеу обл) 12.12.1941 ж.	Алматы	15.04.1942 ж.	Ішінара
№2 аяқкиім фабрикасы	ҚазКСР ЖӨХК	Харьков-Москва 23.10.1941 ж.	Алматы	Іске қосылмаған	Ішінара
Мақта иіру фабрикасы	ҚазКСР ЖӨХК	Ст. Реутовск (Мәскеу облысы) 27.12.1941	Алматы	15.09.1942	Ішінара
«Освобожденный труд» фабрикасы	КСРО тоқыма өндірісі	Мәскеу 3.12.1941-4.1.1942 ж.	Алматы	Іске қосылмаған	1943/02 екі аппараты қосылған
№17 консерві зауыты	ҚазКСР Ет және сүт өнімдері ХК	Урюпинск 28.08.1942 ж.	Алматы	28.09.1942	Барлығы
Темекі фабрикасы	ҚазКСР Азық-түлік ХК	Харьков 20.10.1941 ж. - 15.03.1942 ж.	Алматы	Іске қосылмаған	Барлық жабдық қолдан құрастырылған
«Трудовой Октябрь» консерві заводы	ҚазКСР Азық-түлік ХК	Симферополь 30.12.1941-13.03.1942	Алматы	1.01.1942	Барлығы
Кондитерлік фабрика	ҚазКСР Азық-түлік ХК	Мәскеу, Харьков 20.12.1941-15.03.1942	Алматы	1.01.1942	Ішінара
Механикалық жөндеу зауыты	КСРО Жер ХК	Евпатория III-1942 ж.	Алматы	20.05.1942	Барлығы
Авиажөндеу базасы №405	Азаматтық әуе флоты Бас басқармасы (ГУГВФ)	Харьков 20.11.1941	Алматы	1/1942	Барлығы
Колганов ат. Электр техникалық зауыт	ЖҚХК	Харьков 10.1941 ж.	Алматы	01.01.1942 ж.	Барлығы
Машина жасау зауыты	Машжасау ХК	Ворошило-воград 12.1941	Алматы	II-1942	Ішінара
№3 механикалық зауыт	ҚазКСР Машжасау ХК	Карачарово с. (Мәскеу қ.) 4.02.1942	Алматы	X-1941	Барлығы
Трансмет шеберханалары	ЖҚХК	Киев қ. XVII-1941 ж.	Алматы	X-1941	Барлығы



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ! 2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 8 айға – 4907,20 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 8 айға – 10524,96 (қала), 6427,20 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 8 айға – 3147,20 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы **«Almaty aqshamy»** газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны **«Almaty aqshamy»** газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

КӨРМЕ

ӨНЕРДЕ ШЕКАРА ЖОҚ

Алматыда «Шексіз өнер» жаңа арт-жобасының аясында «Шексіз әлем» комиксінің көрмесі ашылды. Жобаның бастамашылары – Almaty Creative креативті индустрияларды дамыту орталығы мен Медеу ауданының цифрлық кеңсесі.

Француз альянсы ұсынған «Шексіз әлем» комиксінің көрмесі экспрессивті визуалды тіл арқылы біздің планетамыздың экологиясы мен болашағы туралы мәселені көтереді. Көрменің адам аяғы көп жүретін Халыққа қызмет көрсету орталығында ашылғаны құптарлық. Онда кезек күтіп отырған адамдар уақытын босқа өткізбей, бір сәт ғаламдық мәселеге көңіл аударып, оған көрмеде ұсынылған суреттер арқылы үңілетін болады.

Almaty Creative креативті индустрияларды дамыту орталығы мен Медеу ауданының цифрлық кеңсесі бір-біріне көрші орналасқан. Сондықтан олар ниет, тілек, күш біріктіріп, осындай «Шексіз өнер» бастамасын бірге қолға алып отыр. Бұл өнер мен технология, мемлекеттік қызметтер мен шығармашылық индустриялар өзара әрекеттесудің жаңа форматтарын құра отырып, бір-бірімен қатар өмір сүріп, толықтыра алады деген идеяның табиғи жалғасы іспеттес дейді ұйымдастырушылар.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Шолпан МАХМУДОВА,
Almaty Creative креативті индустрияларды дамыту орталығы Салалық даму департаментінің басшысы, жоба жетекшісі:

Энергетика мен климат – өзекті тақырып

«Шексіз әлем» альбомы әйгілі француз комикс авторы Кристоф Блен мен климат саласына маманданған Жан-Марк Жанковичидің таныстығының нәтижесінде пайда болған. Бұл комикс климаттың өзгеруінің себептері мен салдарын терең әрі жеңіл түрде баяндайды. 2021 жылы жарық көрген сәттен бастап үлкен жетістікке жеткен комикс бүгінде бірнеше тілге аударылып, 2022 жылы Францияда 500 мың данамен сатылып, бестселлер атанды. Франция институты бұл комиксті экологиялық көрмеге айналдыру туралы шешім қабылдап, нәтижесінде Француз альянсы мен Almaty Creative креативті индустрияларды дамыту орталығы бірлесіп бүгінгі көрмені ұсындық. Бұл көрме комикстің негізгі тақырыптарын – энергетика мен климат туралы өзекті тақырыпты қозғайды.

Нұр ЖАМАЛ.

«ҚАЗБАТ – 2025»



ӘСКЕРИ-СПОРТТЫҚ ЖАРЫС

патриоттық рух пен төзім, күш-қайрат сынға түсті

Ұлттық ұланның Алматы облысының Жетіген ауылында орналасқан 5571 әскери бөлімінің 4-ші жедел мақсаттағы батальоны аумағында «Қазбат – 2025» әскери-спорттық жарыс өтті.

Шараға Алматы қаласы Алмалы аудандық әскери-патриоттық клубтарының 10-11-сынып оқушылары қатысты. Атап айтқанда, №46 мектеп-гимназиядан, №102, №106, №148 жалпы білім беретін мектептерден, №95, №48 мектеп-лицейден және ҚР ҚМ Орталық Армия үйінің «Киров» әскери-патриоттық клубынан құрама командалар қатысты. Жарысқа қатысушы жеткіншектер бабалар өткерген жолмен жүруге, әскери машықтарын шыңдауға және патриоттық рухын бекемдеуге мүмкіндік алды. Жарыстың мақсаты – жастардың отансүйгіштік қасиетін арттыру, ерлік пен батырлықтың үлгісін таныту, сонымен қатар олардың әскери дағдыларын дамыту. Алматылық жасөспірімдер уақытпен 100 метрге жүгіріп, жылдамдық пен ептілікті тексеретін сынақтан өтті. Ал 25

метр еңбектеп өту сынағы олардың жауынгерлік жағдайда қозғалу икемділігін байқатты. «Жараланған» адамды «жау» қолында қалдырмай, 25 метрге дейін сүйреп жеткізу – командалағы ынтымақтастық пен жауапкершілікті көрсетті. Ал газтұмылдырықпен 50 метрге жүгіру – төтенше жағдай туындаған кезде жылдам әрекет ету дағдысына баулитыны анық. Калашников автоматын толық емес бөлшектеу және жинақтау, оқжатарды оқпен толтыру сынағы арқылы жастар қарумен жұмыс істеу дағдыларын нақтылады.

Жарыс қорытындысында I орынды №106 ЖББМ-тің құрама командасы, II орынды № 46 мектеп-гимназияның «Жас барыс» әскери-патриоттық клубы, III орынды №95 мектеп-лицейдің «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубы иеленді. Бұл – жарыс қана емес, тарихқа тағзым, бүгінгі ұрпақтың кешегі ерлікке деген құрметі. Жас буын үшін – Отан алдындағы борышты сезіну және болашақ сарбаз болуға алғашқы қадам деуге болады.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.

ОРТАЛЫҚ

Алмалы ауданының **«Тен Qogam»** мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау орталығы өз қызметін мүгедектігі бар адамдар мен олардың отбасы мүшелеріне заң, психологиялық, білім беру және басқа да әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша ақпараттық, консультациялық және ресурстық қолдау көрсетуге, сондай-ақ тілдік курстар мен компьютерлік сауаттылық курсын өткізуге бағытталған қызметін жалғастыруда.

Мекенжайы: Жамбыл көшесі, 168 А.
Телефон: +7 (727) 378-88-04.
Instagram: [tenqogam.almaly.2025](https://www.instagram.com/tenqogam.almaly.2025)



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Нұржамал ӘЛІШ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



КӨРМЕ

«ЖАНЫМНЫҢ СЫБЫРЫ»

Айжан-Сара Жансейітова қазақ бейнелеу өнерінің биік белесінде

Рая
ЕСКЕНДІР

Өнерді құрметтейтін талғампаз көрермен үшін Айжан-Сара Жансейітованың орны ерекше. Бұл күнде оның есімі тек елімізде ғана емес, шет мемлекеттерде де кеңінен танылған. Ол – Қастеев салып кеткен сара жолды жалғастырып келе жатқан қазақтың санаулы талантты қыздарының бірі. Осынау құдіретті өнерді қаламның ұшымен безбендеп, оны жүректерге жеткізудің қаншалықты қиын екенін біреу білсе, біреулер білмеуі мүмкін. Дегенмен, жанкешті еңбегінің арқасында суретшінің шығармашылық жолы өзіндік өрнектерге толы. Ол жаңа әдістерді қолдану арқылы көне мен жаңаны жалғап, құдіретті өнерді «сөйлетіп» келеді.

Айжан-Сара Бекжігітқызы көне Тараз топырағында дүниеге келіп, балалық шағы қазақтың кең байтақ даласында өтті. Құдіретті өнерді таңдауына киелі өңірдің сұлу табиғаты да ерекше әсер етсе керек. Бала кезінен оның өнерге деген қызығушылығы ерте оянып, табиғаттың құпияларын түсінуге, қағаз бетіне түсіруге ұмтылды. Суретші осынау жолда өзіне қолдау көрсеткен ең алдымен ата-анасы екенін жиі айтады.

Болашақ өнер иесі 1987 жылы Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясын аяқтағаннан кейін, шығармашылық жолын әрі қарай жалғастырып, өз өнерін әлемдік деңгейде таныта бастаған еді. Еңбек жолында жастарға сабақ бере жүріп, өзі де ізденді. Бояуы қанық, ойы анық бірнеше тың туындылары

«Almaty Gallery» көрме залында танымал суретші, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, «ҚР Суретшілер академиясы» ҚҚ корреспондент-мүшесі, «Таң-Шолпан» Халықаралық әйелдер қорының мүшесі – Айжан-Сара Жансейітованың «Жанымның сыбыры» атты шығармашылық жеке көрмесі ашылды. Аталмыш көрме шаһар тұрғындары үшін аса маңызды мәдени іс-шараға айналды. Көрмеге қылқалам шеберінің 50-ден астам туындысы қойылды. Суретші осынау бекзат өнер арқылы табиғат пен адам жанын, жер мен ғарыштың арасында терең байланысты ашып көрсетті. Айжан-Сара Жансейітованың көрмесіне қатысқан көрнекті өнертанушылар мен мәдениет қайраткерлері оның өнеріне жоғары баға берді. Көрменің ашылуында сөз сөйлеген қонақтар арасында еліміздің ең үздік суретшілері, өнертанушылар мен мәдениет саласындағы жетекші тұлғалар болды. Көрме суретшінің анасы, танымал ақын Айша Көпжасарованың ақжарма жыр шумақтарымен басталып, атақты Иран-ғайыптың арнауына ұласты.



дүниеге келді. Оның жұмыстары әлемнің жетекші галереяларының коллекцияларын еніп, Британ музейі мен Эрмитажға қойылды. Міне, Айжан-Сараның туындылары тек Қазақстанда ғана емес, шетелде де жоғары бағаланады. Осы уақытқа дейін бірнеше халықаралық көрмеге қатысқан суретшінің шығармашылығы қазір кемеліне келіп, нағыз толысқан шағы. Ол салған картиналары арқылы әлемдік өнерде өзіндік орнын тапқан суретші ретінде тарихта қалары сөзсіз.

Айжан-Сараның «Жанымның сыбыры» атты көрмесі бұл тек бір суретшінің шығармашылығының ретроспективасы ғана емес, ол өнердің табиғатпен, мәдениетпен және рухани дүниемен байланысты терең философиялық ойы. Мәселен, көрмеге қойылған туындылар арқылы Айжан-Сара адамның ішкі дүниесі мен сыртқы әлеуметтік ортаның ара қатынасын зерттегені көрініп тұр. Оның туындылары – қазақтың бай мәдениеті мен дәстүрінің қазіргі заманға сай жаңғыруы іспетті.

Осынау жылдар бойы Айжан-Сара тек суретші ретінде ғана емес, шебер философ ретінде де танылды. Ол қаламы мен бояуы арқылы қазақ халқының рухани мұрасы мен қазіргі заманның ізденістерін үйлесімді түрде бейнелеп келеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жұмақын
ҚАЙРАМБАЕВ,
Қазақстанның
Халық суретшісі,
Қазақстанның
еңбек сіңірген
қайраткері:



Ерболат
ТӨЛЕПБАЕВ,
суретші,
Мемлекеттік
сыйлықтың
лауреаты,
Қазақстанның
еңбек сіңірген
өнер қайраткері:



Нелли
БУБЭ,
Қазақстанның
Өнер
академиясының
хатшысы:



Сәуле БАПАНОВА,
суретші,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері,
Т.Жүргенов
атындағы Өнер
академиясының
профессоры:



Өнер алға жылжып отыру керек

Мен Айжан-Сараны 30 жылдан бері танимын. Еңбекқор, ізденімпаз. Бұл шығармашылық адамы үшін ең қажетті қасиет. Өйткені, өнер алға жылжып отыру керек. Менің риза болатыным – оның шығармалары әрдайым терең философияға толы болып келеді. Бүгінгі таңда оның жұмыстары өте көп, әрі тақырыптары да күрделі. Бұл оның шығармашылығының нағыз кемелденгенін көрсетсе керек.

Менің студентім

Айжан-Сара менің студентім екенін әркез мақтанышпен айтып отырамын. Сондықтан оның әрбір қадамын қадағалап, өнеріне құрметпен қараймын. Өйткені, сол кезден-ақ өзінің өнеріне ерекше көзқараспен қарайтын еңбекқор, ізденімпаз еді. Талғампаз таланттың бірегейі ретінде оның шығармашылығы әлемдік деңгейге жетті. Бүгінде оны бүкіл әлем танып отыр.

Терең ойға жетелейді

Айжан-Сара – қазақ өнерінің нағыз символы. Ол ұлттық дәстүрлерді қазіргі заманның талаптарына сай жаңғыртып, бейнелеу өнерін жаңа деңгейге көтерді. Айжан-Сара – өнерде ерекше бір құбылыс. Оның шығармашылық жұмыстары дәстүр мен қазіргі заманның тамаша үйлесімі болып табылады. Сондықтан көрмедегі барлық туындылар көрермендерді терең ойларға жетелері сөзсіз.

Қазақ өнерінің көкжиегін кеңейтіп келеді

Айжан-Сараның болашағы өте зор. Оның шығармашылығы қазақ өнерінің көкжиегін кеңейтіп, жаңаша көзқарас пен терең түсініктерді әлемге жеткізеді. Оның «Жанымның сыбыры» деп аталып отырған көрмесі тек қана оның өткенін емес, болашағын да көрсететін бір кезең екені анық. Айжан-Сараның шығармашылығы әлі де жалғасып, жаңа туындыларымен көпшілікті таңқалдырады деп сенемін.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.